

Ж а м б ы л

С ә у л е б е к ұ л ы н а

Бүгінгі шыққан шының құтғы болсын,
Алтын ордан іргесі мықты болсын.
Ілімнің өндіріске тамыр жайып,
Сепкенін мол өнімге жүкті болсын.

Халқыңның сенімнің бұл ақтағаның,
Кітабың мәңгі мұра нақтағаның.
Жемісі, табан ақы маңдай тердің,
Ғылымның бау-бақшасы баптағаның,

Бұл деген қиындыққа көне білу,
Сан алуан тауқыметін жеңе білу,
Талаптың Құлакерін баптап мініп,
Зиялы қауымына ене білу.

Бұл деген бәйгіден ер келе білу,
Еңбектің құдыретіне сене білу.
Халқыңның көсегесін іквертуде,
Ғылымға маңдай терді төге білу.

Бұл деген ертеңгісін көре білу,
Кешеден бүгін жеміс бере білу.

Ғылымнан ырыс-дәулет байлық сауып,
Оның меруерт—жақұтын тере білу.

Ұядан тау қыранша ұштың самғап.
Өмірлік сыңарыңды құштың талғап.
Өтесі сол бейнеттің зейнетке ауып,
Не қажетбиігіне шықтың қамдап.

Бұл деген өміршеңдік ұтқырлығың,
Сұңқарша сәт ілуде ұшқырлығың,
Електен рухани нәр өткізіп,
Парасат ізгі-игі де тұтқырылығың.

Ұрпаққа үлгі—өнеге тіршілігің,
Паш еткен асылықтар біршілігің.
Жайдары кішіпейіл қарапайым,
Қазактың ол не қылсын күншілдігің

Құттықтайды достарың, жерлестерің,
Аға-женге, іні—келін, елдестерің.

Жаймалап барлы-жоғын бір тыныстап,
Ренішсіз қуанышты бол дескенін.

Кәріғұл НҰҒМАНҰЛЫ.